

Қарасу негізгі мектебінің  
«Вокал» үйірмесінің  
2021-2022 оқу жылында  
жасалған жұмыстың

## ТАЛДАМАСЫ

2021-2022 оқу жылының басында «Вокал» үйірмесіне 2-9 сынып оқушыларының аралығындағы 20 оқушы тіркелді.

### Вокал үйірмесінің негізгі мақсаты:

- ❖ Аспаптық шығарманың сипаты мен көркемдік құралдарын анықтай білу;
- ❖ Ән айту ережелерін үйрену;
- ❖ Әннің мазмұнын түсініп, орындалу және оны көрерменге жеткізе білуге үйрену.

Оқушылардан күтілетін нәтиже:

- оқушылардың ән айту дағдыларын жетілдіру;
- Ән айтудағы тыныстауды реттеу, сонымен қатар дыбыстың анық шығуын үйрету;
- Ән салғанда дене мүшелерін дұрыс ұстауды, ән айту ережелерін сақтауды үйрену және сахна мәдениетін қалыптастыру.

Балалардың 80 %-ы ән айту дағдылары жақсы үйренді. Қалған оқушылардың интонациясы әрдайым таза бола бермеді, көпшілігінің тынысы өте қысқа болды; ансамбльдік ән айту кезінде олар уақытында қатыспағандықтан, кейбіреулері «р», «ң» дыбысын дұрыс айтпады; кейбір балаларда ысқырық және ызың дыбыстар дұрыс айтпады. Бірақ барлық оқушылар ән салғанда дене мүшелерін дұрыс ұстап, ән айту ережелерін сақтап және сахна мәдениетін қалыптастырды. «Вокал» үйірмесінің оқушылар әр түрлі мектепшілік шараларға қатысты.

15 желтоқсан Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «**Тәуелсіздікке тағзым**» атты мерекелік бағдарламада «**Вокал**» үйірмесінің 2-3 сынып оқушылар «Отан» атты әнін шырқады.  
«Отан» әні Ұ.Жамалбек, сөзі М.Айтбай

Ал 5-сынып оқушылары рухты оятып, жігер күш беретін патриоттық «Атамекен» әнін орындады. «Атамекен» әні: Е.Хасанғалиев, сөзі: Қадыр Мырза Әлі

2 қазанда «**Ұстаз жолы – дара жол**» атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік кешке «Вокал» үйірмесінің 3-сынып оқушысы Өтеміс Нұрзат «Әке-Ана» атты әнді шырқады.

**5 наурызда** ««Ана туралы жыр» атты 1-9 сыныптар арасында мерекелік кеш өтті. Мерекелік кешке «Вокал» үйірмесінің мүшелері қатынасты.

**1 наурызда** «Әуенді тап» атты 1-4 сыныптар арасында сайыс өтті. Сайыстың мақсаты оқушылардың әнге деген құмарлығын байқау және балалардың түрлі әуендерді білуі, есте

сақтау деңгейлерін анықтау арқылы сазға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Сайысқа қатысқан топтар:

«Домбыра» тобы 1-сынып

«Қобыз» тобы 2-сынып

«Сыбызғы» тобы – 3-4-сынып

Сайыс туралы:

I тур. «Балғын шақ әуендері».

II тур. «Жұлдыздар дауысы»

III тур. "Бұл қай әнші?"

IV тур. Әннің сөзін тап!

V тур. Музыкалық жұмбақ

VI тур. Ән салайық!

Сайыс нәтижесінде «Қобыз» тобы 2-сынып I орынға, «Домбыра» тобы 1-сынып II орынға, «Сыбызғы» тобы – 3-4-сынып III орынға ие болды.

**18 наурызда** Қадыр Мырза Әли әндері аудандық байқауына мектебімізден «Вокал» үйірмесінің мүшесі 8-сынып оқушысы Базарбай Нұрдәулет «Тамаша» әнін (әні Т.Базарбаевтікі) орындады. Сайыс нәтижесінде жақсы өнер көрсетіп, алғыс хатпен марапатталды.

30 сәуір Бірлік күніне арналған «Бірлігі жарасқан - Қазақстан» тақырыбында салтанатты шара өтті. Шараға үйірме мүшесі Базарбай Нұрдәулет «Мен қазақпын» , 2-сынып оқушылары «Әрқашан күн сөнбесін» әндерін айтып шықты.

Үйірме қатысушылары мектепшілік шаралардың барлығына қатынасып, 1 оқушы Базарбай Нұрдәулет аудандық Қадыр Мырза Әлі шығармашылығына арналған байқаудан алғыс хатқа ие болды

Оқушылар «Вокал» үйірмесіне қатысып, ән айту ережесін үйренді. Үйірменің жұмысына оқушылардың уақытында келмеуі және аспаптардың жоқтығы, сонымен қатар жеке кабинеттің жоқтығы кедергі болды.

Үйірме жетекшісі: Е.Ө.Есниязов

